

"Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қантардағы № 1 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 3 маусымдағы № 39 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 маусымда № 36257 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қантардағы № 1 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31749 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Үйлестіру кеңесінің жұмыс нысаны –Үйлестіру кеңесінің күндізгі немесе сырттай форматтағы отырысы, соның ішінде өнірлер бойынша көшпелі отырыстар.

Үйлестіру кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі үшін ақылға қонымды мерзім беріледі.

Үйлестіру кеңесінің отырысы бейнеконференц-байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.".

2. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық басшысының міндетін атқарушы Ә.Ж. Сабыровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкіл

А. Ластаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК